

МҰНАЙЫМ – МҰҢЫМ

ЕСІЛ ЕҢБЕК ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛА МА?

Қазақстанның кең-байтақ жерінен геологтар талай кен орындарын тапты. Халықаралық кездесулердегі келіссөздердің басты тақырыбына айналған мұнай мен газдың кен көздері ел экономикасына үлес қосуда. Қазақстан бұл байлық қоры жағынан Каспий қайраңындағы мүмкіндіктерін іске қоса білсе, дүние жүзінде үшінші орынға шығар еді.

Қазақстанда мұнай өндіру мөлшері өткен жылы 75 млн. тоннадан, газ өндіру – 35 млрд. текше метрден асса, 2015 жылы мұнай өндіру 130-150 млн. тонна, газ өндіру 40-50 млрд. текше метрге жетпек. БАҚ-тың пайымдауынша, Қазақстан мемлекетінің Ұлттық қорының мөлшері дағдарысты ауыздықтағаннан кейін де 30 миллиард АҚШ долларынан төмендемейті. Ол қордың қаржысы мұнай түсімдерімен байланысты екендігі айтпаса да түсінікті.

Біздің шамалауымызша, мұнай мен газдың пайдасын мемлекет пен халық толық мөлшерде көре алмай отыр. Кен қорын пайдалану тарихы жүз жылдан асқан «Ембімұнайгаз» бен «Өзенмұнайгаз» технологиялық талаптарды сақтамағандықтан, уақытынан бұрын жертабандап, жаңа ғана басын көтеріп, есін жиып келе жатқан бірлестіктері туралап қалды. Олардың да акцияларын Лондонның халықаралық сауда биржасына сатуға қойыпты деген хабарлар БАҚ беттерінде кезінде жарық көріп жүрді («Московский комсомолец» № 16, 23. 03. 2006). Сонда Қазақстан мемлекетінің қара басына тиесілі не қалды?

Жыл сайын өндірілетін 70-75 миллион тонна мұнайдан Қазақстанның өз күшімен өндіретіні тек 10 пайыз шамасында. Мұнай компаниялары өндірілген қара алтынды қыр асырып, өз сыбайластарына жөнелтіп пайда тапса, Қазақстанда мұнай жеткіліксіздігінен мұнай өңдеуші зауыттар толыққанды жұмыс жасай алмай отыр. Осының салдарынан үнемі жанармай дағдарысы орын алады.

Кен орындарының 150-дейі жеке тұлғалар мен шетелдіктердің қолында. Сондықтан шашыранды, өз беттерінше, жапа-тармағай әрекет етіп жүрген мұнай-газ өндіру жүйесі пайда болды. Қазақстанның мұнай энциклопедиясында (2005 жылы қайта басылып шыққан) келтірілген деректерге сәйкес, олардың саны тек Маңғыстау жерінде – 25, Ақтөбе аймағында 15-ке жуық. Оңтүстік Торғайда біз тауып, барлап, өндіріске беріп кеткен 15 кен орны негізінде 8 өндіруші компания жұмыс істеп жатыр. Атырау мен Орал өңірлерінде 30-дайы бар. Барлығының саны 80-ге тартады.

Кезінде көптеген кен орындары азын-аулақ «тиын-тебенге» сатылып, тіпті кейбіреулері «тегін» де берілген. Енді сол кеніштер алып-сату құралына, пайда табудың оңай көзіне айналды.

Кен орындары аздай, ірі мұнай компаниялары да сатыла бастады. Кейбір нысандар әлденеше рет саудаға түскеннен кейін, бірте-бірте өзінің нарықтық бағасына жақындап келеді. Мысалы, 80 миллион тонна өндіруге болатын мұнай қоры бар «Солтүстік Бозашы» кен орны бес рет сатылды (ең соңында «Нельсон» компаниясының құрамында қалды).

Ал 2005 жылы Құмкөл, Майбұлақ, Ащысай (бұлардың бәріндегі үлестері 100 пайыздан), Ақшабұлақ, Нұралы, Ақсай (бәрінде 50 пайыздан) кен орындарын

және ШНОС-ты иемденіп келген канадалық «Петроқазақстан» компаниясын (бұған дейін бұлардың бәрі канадалық «Харрикейннің» иелігінде болды) қытайлық СНПС 4,18 миллиард долларға сатып алды (Petroleum, № 6, 2006). Ресейдің «Лукойлы» 2005 жылы Әлібекмоланың – 50, Қожасайдың – 50, Қарақұдықтың – 76, Арманның – 100, жоғарыда аты аталған Солтүстік Бозашының – 50 пайыз кен орындарын иемденіп келген, канадалық «Нельсонды», 2,2 миллиард АҚШ долларына сатып алды («Курсив» газеті № 39, 06. 10. 2005, «Казправда», 25. 04. 2006).

Канадалық «Natins Energy» «Қаражамбасмұнайды» 2006 жылға дейін иемденіп, енді қытайлық СИТИС-ке 2,0 млрд АҚШ долларына (басқа бір ақпарат деректері бойынша 1,9 млрд. АҚШ долларына) сатты. («Казправда» 25.04. 2006 және «Бизнес и Власть» № 47, 08.12. 2006). Компанияның осы саудаға байланысты берген арнайы хабарында, 2007 жылдың 3 қаңтарында «31-арна» «Қаражамбасмұнайдың» алғашында канадалықтарға, бар болғаны, 100 млн. АҚШ долларына сатылғандығын, яғни оның өзінің нарықтық бағасынан 20 (19) еседей арзанға кеткендігін хабарлады.

Тап осындай өте төмен баға «Петроқазақстан» («Харрикейн») мен «Нельсон» о баста өз меншіктерін Қазақстаннан алғашқы сатып алғанда да орын алыпты-мыс. Олардың ақтық бағаларының қандай екендігі жоғарыда айтылды. Бұлардан басқа уақ-түйектердің сатылып, алынып жатқандарының есебі жоқ. Көріп отырғаныңыздай, осы сауда-саттықтарда сатушы да, сатып алушы да – тек шетелдіктер. Ал Қазақстан сырттан бақылаушы ретінде рөлінде ғана болды. Сол миллиардтардан осы саудаларды төңіректеген қазақстандық тұлғалар ғана болмаса (ресми емес деректер бойынша, әр саудадан оның шамасында қазақстандық валюталық миллионерлер дүниеге келіпті-міс), Қазақстан мемлекетінің өзіне тиын да тимей, бәрі канадалықтардың қалтасына түскен. Сөйтіп, бұрын қазақстандық болған мұнай-газ нысандары енді халықаралық сауда-саттықтардың құралдарына, шетелдік, жекеменшік компаниялар мен соларға жұғысқан біраз қазақстандықтардың баю көзіне айналып болды. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес, кезінде мемлекетіміздің ең ірі мұнай өндірушісі болған «Маңғыстаумұнайгаздың» (ММГ), жұмбақ жағдайда индонезиялықтарға сатылуы, одан соң қайта сатылып алынуы туралы біраз деректер келтіруді жөн деп есептедік.

Аса күмәнді негізде «беймәлім, «Орта Азиялық мұнай» деп аталатын индонезиялық компанияның иемденуіне өтіп кеткен, аты әйгілі «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігі сатылады екен» деген хабар соңғы екі-үш жыл бойы баспасөз беттерінен түспейтін болды. Тіпті сатылады дегенде, сол бірлестікке қожалық етушілердің талап ететін астрономиялық сомасының мөлшері де (10 млрд. АҚШ доллары) кейбір басылымдарда көрсетілумен болды («Курсив», № 50, 21.12.2006). «Бірлестік бағасының тым жоғары болуына байланысты басқа сатып алушы табылмай, енді Қазақстанның өзі қайта сатып алуға мәжбүр екен» деген деректер де тарай бастады. Ақыр соңында осындай қауесеттер нақтыланып, 2009 жылдың қараша айының аяғында «ММГ» қайта сатылып алынды» деген ақпарат жарық көрді. «Деловая неделя» апталығының (№ 45, 27.11.2009) хабарлауынша, ММГ-ны саудаға салған ешқандай да индонезиялықтар емес, кәдімгі Қазақстанның атышулы «Нұрбанкісі» екен. Ал сатып алушы – Қазақстанның өзі мен оның мұнай кешендерін сатып алуға дайын жүрген Қытай мемлекеті. Сөйтіп, ММГ-нің жартысын қазақстандық «Қазмұнайгаз», екінші жартысын қытайлық СНПС сатып алыпты-мыс. Алып-сатудың толық бағасы туралы дерек келтірілмепті (хабарланбаған себепті), бірақ алдын ала төленетін соманың мөлшері 2 602 163 925,27 АҚШ доллары деңгейінде екендігін жазды аталмыш апталық.

Бұған дейін «Время» газеті (№ 161, 28.11.2008 және № 162, 29.11.2008) бұл бірлестіктің 51 пайызы үшін Қазақстанның 5,0 млрд. АҚШ долларын төлейтіндігін және демократиялық оппозицияның лидерлері Ораз Жандосов пен Болат Әбіловтер бұл сома түгелімен ММГ иелерінің офшорлық аймақтардағы есепшоттарына кеткені туралы жазған-ды. Соған қарағанда, бірлестікті сатқаннан түскен түсімнің мөлшері – 10 млрд. АҚШ доллары. Дәл сол мөлшерде Қытай мемлекеті Қазақстан мемлекетіне экономикалық жәрдем ретінде қарыз берді деген ақпарат та бар.

Ал «Жас Алаш» (№ 67, 21.08.2008) кезінде бұл бірлестіктің, Павлодар мұнай-химия зауытымен (ПМХЗ) қоса индонезиялықтардың қалтасына бар болғаны 240 млн. АҚШ доллары түскендігін хабарлаған-ды.

Алматыда қазан айында өткен «Мұнай-газ – 2009» көрмесі мен соған байланысты жарық көрген құжаттар және БАҚ-тағы ақпараттардан 2009 жылдың тамыз айында Қазақстанның ПМХЗ-ының 58 пайызын ММГ-ден бөліп сатып алынғандығы белгілі болды (Petroleum № 5, 2009, Oil&Gas of Kazakhstan № 4-5, 2009, Caspian-2009). Бірақ төлем мөлшері хабарланбады. Дей тұрғанмен, ол зауыт үшін де сатушының сатып алушыдан 1,0 млрд АҚШ долларынан кем болмайтын төлем алынғанын болжауға негіз бар.

Сөйтіп, индонезиялықтардың шекпенін жамылған «Нұрбанк» «Маңғыстаумұнайгаз» бен ПМХЗ-ын кезінде бар болғаны 240 млн долларға сатып алып, 15 жылдай өндірген, өндеген мұнайларын сатып, пайдасын әбден көріп, одан кейін ғана ол бірлестік пен зауытты 11 млрд. долларға қайта сатты (оның жартысынан артығын Қазақстанның өзіне төлетті).

Сонымен, Қазақстанның мұнай-газ байлығын уысына түсіргендер, я сол байлыққа жұғысып жүрген шенеуніктер есепсіз баюда. Көк тиынсыз қалған біз – сол кен орындарын ашқан, тапқан, барлаған, өндіруге дайындаған геолог-барлаушылар. Соншама кеніштерді «жаппай үлестіру» кезеңінде бізге осы кен орындарынан үлес алыңдар немесе аласың ба деп сұраған адам баласы болған жоқ. Аттары аталған кеніштерді «канадалықтармен, индонезиялықтармен немесе басқа сатып алушылармен бірігіп игеруге қатысыңдар» деген ұсынысты да біз естімедік. Кен көзін табушы да, ашушы да, барлаушы да, өндіруге даярлаушы да өзіміз болсақ та, далада қалдық. Қаражат тапшылығынан о дүниеге аттанған жолдас-жора, жекжат-жұрағаттарымызды жерлеуге бара алмайтын халге жетсек, мұнайдан байығандар арнайы ұшақтармен, рейстік ұшақтардың VIP салондарында отбасымен, дос-жарандарымен кең-байтақ еліміздің о шетінен бұл шетіне, туған күн, той-томалақтарға сапар шегіп саяхаттайды.

«Қазмұнайгаздың» 2004 жылы «жанынан пайда болған» «Мұнайшы» қоғамдық қайырымдылық қоры аз ғана іріктелген топқа қамқорлық көрсетеді. Біздер, біздерге ұқсас қарапайым мұнайшы ардагерлерге бұл қордан қайыр жоқ. Егер мұнайдан байығандар Қазақстанның ең көрікті қалаларының, элиталы үйлерінің «даладай» кең пәтерлерінде өмір сүріп, оның үстіне қала сыртында хан сарайындай жеке үйлері және болса, ал біз геологиялық барлау мекемелері орналасқан елді мекендердің лашықтарда, қоржын үйлерде, қолынан келді-ау дегендер кеңес заманының стандарттық үш бөлмелі пәтерлерінде, қалбырдағы тұздалған балықтай өмір кешудеміз. Жуырда индонезиялықтардың иемденуінде болған «Маңғыстаумұнайгаз» пайдаланған кен орындарын түгел ашып, барлап, өндіріске тапсырған, Лениндік сыйлықтың лауреаты, аты әйгілі геолог Валентин Петрович Токарев өмірден өтті. Жасы сексеннен асқанша еңбек етіп, Ақтаудың «хрущевкасынан» шыға алмай-ақ, жарық дүниемен қош айтысты.

Мұнай мен газ кешендері, жо-ғарыда пайымдағанымыздай, шетелдіктер мен жеке тұлғалардың қолдарында. Не жасаймын десе де, ерікті. Қазақстанның рұқсаты да, келісімі де олар үшін қажетсіз. Оның үстіне, сұраған бәстеріне сатып ала қоятын қытайлықтар да дайын отыр. Қазіргі таңда, сан жағынан алғанда, Қазақстанның мұнай-газ кен орындарының 2/3-ін қытайлықтар иемденіп болды. Біздің есебімізше, Қазақстанда мұнай мен газға байланысты қалыптасқан жағдайда, бара-бара бөрінің де қожасы Қытай болатындығы – біз үшін айдан анық жағдай.

Біздің ашып, тауып, барлап, өндіріске берген кеніштеріміз Қазақстан халқының аузынан жырылды. Қитұрқылық жолмен ел мұнайын уысына түсірген, мұнайды төңіректеген шенеуніктер мен шетелдік компанияларды байытып, қолды болып жатқан байлықтан өз үлесімізді талап етуге құқықтымыз деп санаймыз.

Сондықтан президенттен, үкіметтен, мәжілістен, біздің талап етіп, сұрайтынымыз:

Мұнай-газ кен орындарын тауып, барлап, өндіруге табыс еткен ардагерлерге (өмірден өткендердің отбасыларына) өздерінің қалаған шаһарынан пәтер, я жеке үй сатып алуға бір дүркін арнайы қаржы берілсін.

Жоқшылықтан (шетелдіктерге жалдану тәуелділіктерінен) арылту мақсатында, оларға 500 долларға дейінгі мөлшерде зейнетақы тағайындалсын.

Өмірден өткен геолог барлаушылардың отбастарына 300 доллар мөлшерінде жәрдемақы белгіленсін.

Осы шаралар тек «Мұнайшы» қоры ғана емес, ҚР Геология комитеті арқылы жүзеге асырылсын.

Қазақстандық мұнай-газ барлаушы геологтар, геофизиктер мен бұрғылаушылар атынан:

Зейнолла БӨЛЕКБАЕВ – «Ақтөбемұнайгазбарлау» бірлестігінің бас геологы, Ақтөбе өңірінің мұнай-газ кен орындарын түгелдей ашып, барлап, өндіріске табыс етуші, КСРО және ҚР құрметті жер қойнауының барлаушысы;

Сәдуақас ҚҰРМАНОВ – «Қазақстанмұнайгазбарлау», бұрынғы «Қазгеофизика» бірлестіктерінің бас геологы, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР құрметті жер қойнауының барлаушысы;

Олег МАРЧЕНКО – Ақтөбе өңіріндегі мұнай барлау экспедициялары мен бұрынғы «Оралмұнайгазбарлау» бірлестігінің бас геологы, Ақтөбе, Орал өңірлерінің мұнай-газ кен орындарын ашуға қатысушы, ҚР құрметті жер қойнауын барлаушысы;

Виктор НЕЧАЕВ – Қызыл тулы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресінің, кейін сол аттас бірлестіктің геология бөлімінің бастығы, Маңғыстау, Бозашы аудандарының мұнай-газ кендерін ашушы. КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты;

Геннадий ФИЛИПЬЕВ – «Оңтүстік Қазақстан мұнайгазбарлау» экспедициясы мен сол аттас бірлестіктің бас геологы, ҚР құрметті жер қойнауын барлаушысы.